

ВЫПИСКА  
ИЗ ПРОТОКОЛА

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
ДББҰ Басқармасының  
2025 жылғы «30» май шешімімен  
бекітілген (№ 83 хаттама)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру үйімі»  
АККРЕДИТТЕУ ОРГАНЫНЫҢ  
2025-2030 жылдарға арналған  
даму бағдарламасы

Астана қ., 2025 ж.

## 1. ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстанда білім беру саласын мемлекет тарапынан реттеу қолға алынып отыр: білім беру ұйымдарының қызметіне бақылау жүргізу, білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия беру талаптарын қатаңдату, білім беру ұйымдары басшыларының бос лауазымдарына конкурстық іріктеу жүргізу, қызметкерлерді және жалпы ұйымның өзін бағалаудың жаңа құралдарын зерделеу, енгізу жұмыстары жүргізілуде. КР «Білім туралы» заңында «аккредиттеу» ұғымы «білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін раставу мақсатында аккредиттеу органының белгіленген аккредиттеу стандарттарына (талаптарына) сәйкестігін тану рәсімі» деп бекітілген.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 13 ақпанындағы №34 бұйрығымен орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу жөніндегі органға қойылатын талаптар, сондай-ақ аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік органдардың, орта, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы аккредиттеу органдары ретінде тану қағидалары бекітілді. Талаптардың бірі аккредиттеу органдарының «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына кіру» міндеттемесі болып табылады.

Қазіргі таңда аккредиттеуден халықаралық білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары өтеді, яғни «КР білім беру ұйымы тарапынан жүргізілетін, шет мемлекеттерде мойындалған және жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын» іске асыратын білім беру ұйымдары, сондай-ақ МЖБС-ға сәйкес білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мамандандырылған, оның ішінде дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдары өтеді.

Аkkредиттеу білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді, инновацияларға жол ашады және білім беру ұйымдарына тұрақты даму түрғысынан қолдау көрсетеді. Осы тұста аккредиттеудің негізгі артықшылықтары бар:

*Сапаны стандарттау:* аккредиттеу процесі белгіленген стандарттар мен критерийлерге сүйенеді, бұл білім берудің жоғары деңгейіне қол жеткізуға ықпал етеді. Сонымен қатар білім беру ұйымына жақсартуды қажет ететін салаларды анықтап, үздік тәжірибелерді ұстануға мүмкіндік береді.

*Бәсекеге қабілеттілікті арттыру:* аккредиттеу білім беру ұйымының тарымдылығын, беделін арттырады, оқушылар мен ата-аналардың таңдау құралы ретінде қызмет ете алады.

*Тәжірибе алмасу:* аккредиттеу процесінде білім беру ұйымдары экспертерден кері байланыс пен ұсыныстар ала алады, бұл олардың жұмысының жақсаруына ықпал етеді. Мұндай тәжірибе мен білім алмасу білім беру ұйымдарының дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) – құрамында білім мазмұны, бағалау, педагогтердің біліктілігін арттыру, ақпараттық коммуникациялық технологияларды жетілдіру мәселелері бойынша филиалдары мен еншілес ұйымдары бар орта білім беру жүйесіндегі жаңа

форматтағы білім беру үйімі. ДББҰ заманауи білім беру бағдарламаларын, оқулықтарды, кешенді бағалау жүйесін, педагогтерді кәсіби дамыту бағдарламаларын әзірлейді, мониторинг жүргізеді, зерттейді, талдайды, аprobациялайды, енгізеді және жүзеге асырады.

ДББҰ-ның жетекші халықаралық үйымдармен серіктестігі білім берудің түрлі салаларындағы жобаларды қамтиды. 2016-2022 жылдар аралығында ДББҰ ЭҮДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру-2030» жобасында ұлттық үйлестіруші болды. Бұгінде ДББҰ – World Robot Olympiad Association халықаралық үйымының мүшесі, The World Association of Lesson Studies (WALS) Сабактарды зерттеу қауымдастырында ұлттық үйлестіруші, Халықаралық білім берудегі бағалау қауымдастыры (IAEA) мен Еуропалық білім берудегі бағалау қауымдастырының (AEA-Europe) мүшесі, AEA-Europe алаңында Кешенді бағалау мәселелері бойынша арнайы топқа (Holistic Assessment Special Interest Group) жетекшілік етеді. Бұдан басқа, ДББҰ қоршаган ортаны қорғау бойынша БҰҰДБ жобасына, мектептегі әл-ауқат мәселелері бойынша ЮНЕСКО жобасына және т.б. қатысады.

2014 жылдан бастап Зияткерлік мектептер халықаралық аккредиттеу рәсімінен өтіп келеді, бұл жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестікті растиды. 21 Зияткерлік мектеп білім беру саласындағы жаһандық танымал үйым Халықаралық мектептер кеңесінің (Council of International Schools, CIS) халықаралық аккредиттеуінен өтті. ДББҰ-ның 20-дан астам маманы CIS-тің сертификатталған эксперти атанды және әлем бойынша мектептерді халықаралық аккредиттеуге қатысады.

Білім беру үйымдарын аккредиттеу аясында ДББҰ мен CIS арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды, бұл бірлесіп ортақ мақсатта жұмыс істеуді, өзара қолдау көрсетуді, ұдайы өзара байланысты, білім мен ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді. 2023 жылдың қараша айында ынтымақтастық аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы (бұдан әрі – ПӨО) CIS-ке мүше болды (<https://www.cois.org/for-consultants-and-supporting-organizations/supporting-members>).

ПӨО білім беру сапасын бағалау, оқушылар мен педагогтерді конкурстық іріктеу, критериалды бағалау жүйесі, оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және сыртқы жиынтық бағалау, біліктілікті арттыру курстары аясында педагогтерді аттестаттау, сертификаттау рәсімдерін үйымдастыру және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

ПӨО тарапынан оқушыларды конкурстық іріктеуден бастап, әр оқушының оқу жетістігіне тұрақты мониторинг жүргізуден сыртқы қорытынды аттестаттауға дейінгі Зияткерлік мектепте оқушының жеке траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін критериалды тәсілге негізделген кешенді бағалау жүйесі әзірленген. ДББҰ түлектерінің білім беру бағдарламасын менгеруіне, дағдыларының дамуына Cambridge A-level стандартына сәйкес Кембридж баға береді. ДББҰ түлегінің сертификаты халықаралық біліктілік үйымдары, Қазақстан мен дүниежүзінің жетекші ЖОО-лары тарапынан

мойындалды. Конкурстық іріктеу жүйесі RCEC Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығының (Нидерланды) сыртқы тәуелсіз аккредиттеуінен өтті. Қалыптастырушы бағалау бойынша жоба HundrED академиясының (Финляндия) тұжырымы бойынша әлемнің 100 үздік инновациялық идеялар тізіміне енді.

Жетекші білім беру ұйымдарымен (Кембридж университеті, Джонс Хопкинстің Дарынды жастар университеті орталығы, Cito Педагогикалық өлшеулер институты, Лондонның университеттік колledge және т.б.) серіктестік, академиялық имидж бен мектептерді инспекциялау, аккредиттеу мәселелері бойынша тәжірибе, білім беру ұйымының қызметін зерттеу мен талдаудың жүйелі тетіктері (мысалы, ауыл мектептерін қолдау жобасы аясында), білім сапасының жоғары көрсеткіштеріне ие елдердегі (Канада, АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және Нидерланды) аккредиттеудің халықаралық тәсілдемелеріне жүргізілген шолу білім беру ұйымдарын аккредиттеу жүйесінің әдіснамасын әзірлеуде пайдаланылды.

2024 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу органды (бұдан әрі – Аккредиттеу органды) болып танылды және Қазақстан Республикасының аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілді (<https://www.gov.kz/memleket/entities/control/documents/details/820639?lang=kk>).

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ осы Даму бағдарламасын Аккредиттеу органды ретінде және Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2024 жылдың 13 акпанындағы №34 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылдың 28 наурызындағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірледі. Сонымен қатар, Бағдарлама 2024 жылдың 30 наурызында Жоғары Қамқоршылық Кеңесінің шешімімен бекітілген (№15 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2035 жылға дейінгі даму стратегиясында айқындалған мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес әзірленді.

## 2. АККРЕДИТТЕУ ОРГАНЫНЫң СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### **Миссиясы**

Білім беру ұйымдарының дамуын қолдау және олардың қызметін ұлттық және халықаралық тәжірибе негізінде стандарттарға сәйкестендіру арқылы білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға және қоғамның білім беру жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал ету.

### **Пайымы**

Біз ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру сапасы мәдениетінің үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қолдау орталығы болуға ұмтыламыз.

### **Құндылықтары**

- Жауапкершілік – білім беру ұйымдарына қолдау көрсетуде этикалық нормалар мен кәсібілікті ұстану;
- Әділдік – аккредиттеу кезінде барлық білім беру ұйымдарымен тең және бейтарап қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Үздіксіз білім алу – аккредиттеу және білім беру саласындағы білімді көнектігіне және тәжірибелі жақсартуға үнемі ұмтылу;
- Әртүрлілікті құрметтеу – жаһандық өзара түсіністік пен білім беру процестерін байытуға ықпал ететін білім беру ұйымдарындағы айырмашылықтарды тану және құрметтеу;
- Кері байланыс – тәжірибелі дамыту мақсатында мүдделі тараптарға ұсыныстар беру.

### **Мақсаты**

Білім беру ұйымының білім беру қызметтерінің белгіленген стандарттарға сәйкестігін оның тұрақты дамуы, бәсекеге қабілеттілігін арттыру және сенімді нығайту бойынша ұсыныстар беру арқылы бағалау.

### **Міндеттері**

- Аккредиттеу рәсімдерінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қоғам тарапынан сенімді арттыру үшін білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуде білім беру ұйымдарын қолдау;
- Білім беру сапасын үздіксіз жақсарту жүйесін дамыту;
- Аккредиттеу органының эксперттік әлеуетін дамыту;
- Аккредиттеу процесіне цифрлық технологияларды енгізу.

### **Қағидаттары**

- *Ашықтық* (жалпы қолжетімділік): аккредиттеу рәсімдері, критерийлері туралы ақпараттың қолжетімділігі, мүдделі тараптарды аккредиттеу ережелері мен шарттары туралы хабардар ету.
- *Әділдік* (объективтілік): аккредиттеудің бірынғай рәсімдері мен критерийлерінің қолданылуы, аккредиттеу кезінде кемсітүшілік пен әділетсіз (субъективті) шешімдердің қабылдануына жол бермеу.

- *Құзыреттілік* (кәсібілік): бағалау саласындағы экспертердің жоғары деңгейдегі құзыреттілігін қамтамасыз ету – мамандарды іріктеу, тиісті даярлау жүйесі және қажет болған жағдайда белгілі бір білім салалары бойынша мамандарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

• *Тәуелсіздік:* аккредиттеу үйімінің қызметі мен шешім қабылдауына теріс әсері болатын қандай да бір коммерциялық, қаржылық, әкімшілік немесе басқа да ықпалдарға (мұдделерге) тәуелді етпейтін тиісті шараларды қамтамасыз ету.

Аккредиттеу органды аккредиттеу процесінде белгіленген стандарттарға сәйкес мақсат, міндеттерді және қагидаттарды басшылыққа ала отырып, білім беру қызметтерінің сапа критерийлеріне сәйкестігін және олардың үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз етеді.

### 3. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Аkkредиттеу органы білім беру ұйымдарының білім беру процесі сапасын бағалауға және қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жоспарға сәйкес жүзеге асырады (1-қосымша).

*Аkkредиттеу органы қызметінің негізгі бағыттары:*

**1) Стандарттар мен критерийлерді әзірлеу және жетілдіру**

*Мақсаты:* Білім беру қызметінің сапасын арттыру

*Негізгі әрекеттер:*

Білім берудегі озық тәжірибелер мен тәсілдерді көрсететін және білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға және олардың заманауи талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған аккредиттеу стандарттары мен критерийлерін әзірлеу және жаңарту.

*Күтілетін нәтижелер:*

Білім беру ұйымы ұсынатын білім беру қызметтерін объективті бағалау үшін нақты және өлшенетін стандарттар мен критерийлер.

**2) Аkkредиттеу процесін жүргізу**

*Мақсаты:* Аkkредиттеу ресімдерінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету

*Негізгі әрекеттер:*

Білім беру ұйымының белгіленген стандарттарға сәйкестігін растайтын аккредиттеу ресімдерін жүргізу.

*Күтілетін нәтижелер:*

Аkkредиттеудің барлық кезеңдері нақты және ашық ережелерге сәйкес жүргізіледі (2-қосымша);

Білім беру ұйымдары және басқа да мұдделі тараптар аккредиттеу процесіне оның ашықтығы мен әділдігінің арқасында сенеді.

**3) Білім беру ұйымдарын оқыту және қолдау**

*Мақсаты:* Білім беру ұйымдарын аккредиттеуге дайындау

*Негізгі әрекеттер:*

Білім беру ұйымдары аккредиттеу процесіне дайындалуы үшін қажетті қолдау мен ресурстарды ұсыну: ұйымдардың қызметін жаксартуға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған семинарлар, тренингтер мен консультациялар өткізу.

*Күтілетін нәтижелер:*

Білім беру ұйымдарының аккредиттеуден өтуге дайындығын арттыру;

Білім беру қызметтерінің сапасын жаксарту.

**4) Эксперттерді сертификаттау**

*Мақсаты:* Эксперттерді аккредиттеуге қатысуға дайындау

*Негізгі әрекеттер:*

Аkkредиттеу ресімдерін ұйымдастыру және өткізу, белгіленген стандарттарға сәйкес бағалау құралдарын колдану бойынша оқу семинарларын өткізу. Оқу нәтижелері бойынша бағалау және сертификаттау.

*Күтілетін нәтижелер:*

Қажетті білім мен дағыларға ие сертификатталған экспертер;

Аккредиттеу рәсімдерін жүргізудің бірыңғай тәсілін қалыптастыру.

**5) Эксперттердің кәсіби дамуы**

*Мақсаты:* Эксперттердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету

*Негізгі әрекеттер:*

Білім беру ұйымдарын аккредиттеу бойынша дағылар мен құзыреттерді дамыту мақсатында тағылымдама, тәлімгерлік және т.б. арқылы экспертердің біліктілігін арттыру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Аккредиттеу саласындағы экспертердің білімін тереңдету және құзыреттілігін дамыту;

Экспертердің тұрақты кәсіби қоғамдастырын қалыптастыру.

**6) Мониторинг және бағалау**

*Мақсаты:* Білім беру ұйымдарының аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету және олардың дамуын қолдау

*Негізгі әрекеттер:*

Аккредиттелген білім беру ұйымдарының стандарттар мен критерийлерге сәйкестігін қолдау мақсатында мониторинг жүргізу. Қажет болған жағдайда, ұсыныстардың орындалуын бағалау және білім беру сапасын қолдау үшін қайта сапарлар ұйымдастыру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Мониторинг және кері байланыс ұсыну негізінде білім беру қызметтерінің тиімділігін арттыру.

**7) Мұдделі тараптармен өзара әрекеттесу**

*Мақсаты:* Ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету

*Негізгі әрекеттер:*

Аккредиттеу рәсімдерінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен және халықаралық серіктестермен ынтымақтастық орнату.

*Күтілетін нәтижелер:*

Аккредиттеу стандарттары мен рәсімдері туралы ақпараттың қолжетімділігін және ашықтығын қамтамасыз ету;

Мұдделі тараптардың аккредиттеу талаптары мен критерийлері туралы хабардар болу деңгейін арттыру.

**8) Аккредиттеу процесін зерттеу**

*Мақсаты:* Аккредиттеу рәсімдерін жетілдіру

*Негізгі әрекеттер:*

Аккредиттеу рәсімін жүргізу сапасын талдау бойынша зерттеу жүргізу, оның ішінде сауалнамалар, сұхбаттар мен бақылаулар өткізу арқылы аккредиттеу рәсімдері мен құралдарына өзгерістер енгізу.

*Күтілетін нәтижелер:*

Аккредиттеудің қолданыстағы рәсімдері мен құралдарын жетілдіру;

Білім беру қауымдастығы мен мұдделі тараптардың аккредиттеу процесіне деген сенімін арттыру.

#### 4. ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аkkредиттеу органының ұйымдық құрылымы ДББҰ Басқармасынан, ДББҰ Аkkредиттеу кеңесінен, ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалынан, Эксперттік комиссиядан, Эксперттік кеңестен, ПӨО педагогтерді бағалау бөлімінен, ПӨО педагогтерді бағалау рәсімдерін үйлестіру бөлімінен, ПӨО зерттеу және деректерді талдау бөлімінен, ПӨО ақпараттық технологиялар бөлімінен, ПӨО әкімшілік-құқықтық бөлімінен, ПӨО қаржы-экономика бөлімінен тұрады (3-қосымша).

**ДББҰ Басқармасы** – ДББҰ қызметіне ағымдағы жетекшілікті жүзеге асыратын және ДББҰ Жоғары қамқоршылық кеңесі мен Қамқоршылық кеңесінің құзыretіне жататын мәселелерді қоспағанда, ДББҰ қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайтын ДББҰ-ның алқалы атқарушы органы. ДББҰ Басқармасын ДББҰ Жоғары қамқоршылық кеңесінің, Қамқоршылық кеңесі мен Басқармасының құзыretіне қатысты мәселелерді қоспағанда, ДББҰ-ның ағымдағы қызметіне қатысты дербес шешім қабылдайтын Төраға басқарады.

**ДББҰ Аkkредиттеу кеңесі** – білім беру ұйымдарын акkредиттеу бойынша шешім қабылдайтын, өз қызметін Аkkредиттеу кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын ДББҰ-ның алқалы органы. Аkkредиттеу кеңесі акkредиттеу немесе акkредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Аkkредиттеу кеңесінің құрамы, оның ішінде Төраға мен Төрағаның орынбасары, ДББҰ Басқарма Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының ұсынысы бойынша ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

**ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы** – ПӨО туралы ережемен белгіленген құзыretter шегінде білім беру және басқа да қызмет саласындағы ДББҰ міндеттерін жүзеге асыратын ДББҰ бөлімшесі. ПӨО – білім беру ұйымдарын акkредиттеу міндеттерін орындауга өкілеттілік берілген жұмыс органы. ПӨО қызметін тіkelей директор басқарады. ПӨО директоры ДББҰ басқару органдары шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және ПӨО-ның ағымдағы қызметіне жедел басшылық етеді. ПӨО директоры ДББҰ атынан ПӨО туралы ережеде және ДББҰ берген сенімхатта айқындалған өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

**Білім беру ұйымдарын акkредиттеу жөніндегі Эксперттік комиссия** – білім беру ұйымдарына сыртқы бағалау жүргізу барысында туындаитын мәселелер бойынша экспертерге кеңес беруді жүзеге асыратын ПӨО-ның жұмыс органы. Эксперттік комиссияның құрамы, соның ішінде Төрағасы және Төрағаның орынбасары, ДББҰ Басқарма Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының келісімі бойынша ПӨО директорының бұйрығымен бекітіледі.

**Эксперттер командасы** – білім беру ұйымдарының қызметін белгіленген стандарттарға сәйкестігін жан-жақты бағалайтын, акkредиттеу кезеңдеріне тартылатын сертификатталған экспертер тобы. Команда әрбір акkредиттелетін ұйым үшін жеке құрылады және ПӨО директорының бұйрығымен бекітіледі. Эксперттердің міндеттеріне құжаттарды талдау,

сабактарға қатысу, сұхбаттар жүргізу, білім беру процесінің сапасын жақсартуға арналған ұсыныстар беру кіреді.

**Эксперттік кеңес** – аккредиттеу жүргізу және сапаны қамтамасыз етуге ықпал ету үшін экспертердің жұмысын үйлестіру мақсатында білім беру ұйымдарын тәуелсіз бағалау және аккредиттеуді жүргізу мәселелері бойынша ПӨО жұмыс органы.

**ПӨО педагогтерді бағалау бөлімі (бұдан әрі – ПББ)** – білім беру ұйымдарын аккредиттеу бойынша тиімді жұмысты қамтамасыз етуге бағытталған функцияларды жүзеге асыратын ПӨО құрылымдық бөлімшесі.

**ПӨО педагогтерді бағалау ресімдерін үйлестіру бөлімі (бұдан әрі – ПБРУБ)** – бағалау мен аккредиттеу ресімдерін ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін ПӨО құрылымдық бөлімшесі. Оның қызметі жоспарлау, әдістемелік қолдау, басшылықтың бұйрықтары мен өкімдерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету және аккредиттеу ресімдерін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сактау бағыттарын қамтиды.

**ПӨО зерттеу және деректерді талдау бөлімі** – педагогикалық өлшеулер саласында, оның ішінде аккредиттеуге байланысты зерттеулер жүргізу үшін деректерді жинау, дайындау және талдауға қатысты міндеттерді жүзеге асыратын ПӨО құрылымдық бөлімшесі.

**ПӨО ақпараттық технологиялар бөлімі** – ақпараттық-коммуникациялық технологияларға техникалық қолдауды және оларды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, компьютерлік жабдықтардың, серверлер мен баспа жабдықтарының үздіксіз жұмыс істеуін және ақпараттық жүйелерді қосуды қамтамасыз ететін ПӨО құрылымдық бөлімшесі.

**ПӨО әкімшілік-құқықтық бөлімі** – құқықтық, әкімшілік, кадрлық қызметті және құжаттаманың бірынғай тәртібін, құжаттардың сакталуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ПӨО құрылымдық бөлімшесі.

**ПӨО қаржы-экономикалық бөлімі** – бюджетті қалыптастыруды, бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыруды, мүліктің бар-жоғы мен қозғалысын есепке алуды, материалдық және қаржылық ресурстарды пайдалануды қамтамасыз ететін ПӨО құрылымдық бөлімшесі.

## **5. ҚОРЫТЫНДЫ**

Аккредиттеу органының Даму бағдарламасы білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға және қоғамның білім беру жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған. Үздіксіз жетілуге, ашықтық пен айқындыққа деген ұмтылыс білім беру ұйымдарының жоғары стандарттар мен халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Аккредиттеуге жүйелі тәсілдерді енгізу, бағалаудың заманауи әдістерін қолдану және мүдделі тараптармен белсенді ынтымақтастық білім беру сапасын арттыруға және уақыт талабына тиімді жауап беруге негіз болады. Бұл Аккредиттеу органының білім беру ұйымдары үшін тұрақты және жоғары нәтижелерге қол жеткізуде қолдау көрсететін сенімді серіктесі болуына мүмкіндік береді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі

Аккредиттеу органдының 2025-2030 жылдарға арналған

Даму бағдарламасына

I-Косымша

## 2025 – 2030 ЖЫЛДАРЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№	Қызмет бағыттары	Міндеттері	Мерзімі	Аяқталу шысанды
1	Стандарттар мен критерийлерді әзірлеу және жетілдіру	Білім беру саласындағы халықаралық тәжірибелер мен трендтерді талдау. Аккредиттеудің нәтижелері мен көрі байланыс негізінде стандарттарды жетілдіру.	2025-2026	Қолданыстағы және жетілдірілген аккредиттеу стандарттары.
2	Аккредиттеу процесін өткізу	Аккредиттеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету. Аккредиттеу рәсімдерін үйімдастыру және үйлестіру. Аккредиттеу процесін автоматтандыру үшін цифрлық платформаны енгізу және жетілдіру.	2025-2030	Аккредиттеу жүйесінің тиімді жұмыс істейі. Аккредиттеу процесін автоматтандыруға арналған цифрлық платформаның жұмыс істейі.
3	Білім беру үйімдарын оқыту және қолдау	Аккредиттеуге дайындық бойынша оқыту іс-шараларын өткізу. Аккредиттеу процесіне қатысушыларға әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Білім беру үйімдарына аккредиттеу мәселелері бойынша кеңес беру.	Жыл бойы	Өткізілген семинарлар, тренингтер және кеңес берулер. Аккредиттеу процесіне қатысушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар.
4	Эксперттерді сертификаттау	Эксперттерді оқыту және сертификаттау. Сертификатталған экспертердің тізілімін құру. Эксперттердің этикалық стандарттарын және кәсіби жауапкершілігін қамтамасыз ету.	2025-2026	Сертификатталған экспертер. Сертификатталған экспертердің тізілімі.
5	Эксперттердің кәсіби дамуы	Оқыту, тағылымдамалар, менторлық және басқа да әдістер арқылы біліктілікті арттыруды жүзеге асуру. Эксперттердің кәсіби қажеттіліктерін мониторингтеу және тиісті бағдарламаларды әзірлеу.	Жыл бойы	Эксперттердің біліктілігін арттыру бойынша өткізілген іс-шаралар. Эксперттердің кәсіби қажеттіліктерін мониторингтеу жүйесінің әзірленуі.

№	Қызмет бағыттары	Міндеттері	Мерзімі	Аяқталу нысанды
6	Мониторинг және бағалау	Аккредиттеу процесінің тиімділігін бағалау. Білім беру ұйымдары мен экспертерден кері байланыс алу механизмдерін енгізу. Қызмет нәтижелері бойынша есептер дайындау.	Жыл бойы	Бекітілген аккредиттеу процесінің тиімділігін мониторингтеу критерийлері. Кері байланыс жүйесінің тұрақты жұмыс істейі.
7	Мұдделі таралтармен өзара әрекеттесу	Аккредиттеу нәтижелері мен Аккредиттеу органының қызметі туралы қоғамды ақпараттандыру. Форумдар, конференциялар мен аккредиттеу бойынша қауымдастықтарға катысу.	Жыл бойы	Цифрлық платформаның тиімді жұмыс істейі. Сайтта жарияланған өзекті және коллежімді ақпараттың болуы. Форумдар, конференциялар және аккредиттеу қауымдастықтарында баяндама жасау.
8	Аккредиттеу процесін зерттеу	Аккредиттеу процестерінің тиімділігі мен сапасын зерттеу. Зерттеу нәтижелері негізінде процестерді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми макалалар мен есептерді жариялау.	2026-2030	Аккредиттеу рәсімдерін түзету бойынша әзірленген ұсынымдар. Жаңартылған аккредиттеу рәсімдері мен құралдары.

*Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі*  
*Аkkreditteу органының 2025-2030 жылдарға арналған*  
*Даму бағдарламасына*  
*2-Косымша*

## Білім беру үйімдарын аккредиттеу процесі

### Дайындық кезеңі

1

- білім беру үйімінің алдын ала бағалау жөніндегі есепті әзірлеуі
- алдын ала сапарға дайындалу
- эксперттер командасының алдын ала сапары (3–5 жұмыс күні)

- платформада тіркелу
- өтінім беру
- аккредиттеуге тіркеу туралы шешім шығару
- хабрдар ету
- кеңес беру

### Өзін-өзі бағалау кезеңі

2

### Алдын ала бағалау кезеңі

3

- эксперттер командасының сыртқы сапары (5–7 күн)
- сыртқы бағалау бойынша қорытынды есепті әзірлеу
- аккредиттеу бойынша шешім шығару
- кері байланыс беру

- стандарттар негізінде өзін-өзі бағалау процесін жүзеге асыру
- өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті әзірлеу
- есепті платформаға жүктеу

### Аkkreditteуден кейінгі кезең

4

### Сыртқы бағалау кезеңі

5

- перспективалық жоспарды құрастыру
- аралық өзін-өзі бағалау есебін әзірлеу (3 жылдан кейін)
- реаккредиттеуден оту туралы хабардар ету




*Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі*

*Аккредиттеу органдың 2025-2030 жылдарға арналған*

*Даму бағдарламасына*

*3-Косымша*

## **Үйымдық құрылымы**



*Зерттеу және  
деректерді талдау  
бөлімі*

